апталық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

№49/537

08 декабря 2017 года

газета издается с 26.06.2004 года

## ТЕЛЕМОСТ С УЧАСТИЕМ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА. ПРЕЗЕНТАЦИЯ ПРОЕКТОВ КАРТЫ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИИ КАЗАХСТАНА

**6 декабря в "конгресс-центре ЭКСПО" г. Астаны, в рамках телемоста с участием Главы государства Н.А.Назарбаева состоялось 11 прямых включений из всех регионов страны, в ходе которых Президенту Казахстана были показаны наиболее значимые объекты Карты индустриализации.**

*- Ежегодный ввод в действие наиболее значимых проектов индустриализации стал хорошей традицией. Сегодня мы осущест-вили запуск 25 проектов в сферах металлургии, промышленности, строительных материалов, машиностроения, транспорта и логистики,* – сказал Глава государства.

В своем выступлении Нурсултан Назарбаев отметил верность взятого курса на масштабную индустриализацию страны, полностью отвечающего вызовам времени.

*- По всей стране за годы индустриализации было введено более 1 тысячи новых производств, создано свыше 100 тысяч постоянных рабочих мест. Сегодня мы запустили проект ТОО «Giessenhaus» по производству легированного алюминия, а в перспективе, автомобильных дисков. К сотрудничеству привлекаются известные транснациональные компании, такие как POSKO, «Евразхолдинг», Tenaris, «Полиметалл», являющиеся признанными лидерами в своих сегментах,* - сказал Президент Казахстана.

Особое внимание Глава государства акцентировал на вопросах развития производственной кооперации и сотрудничества в сфере автомобилестроения, в частности, отметил начало процесса сборки автомобилей на мощностях казахстанских автозаводов.

*- Сегодня в Казахстане собирают различные модели автотранспортных средств 18-ти известных брендов. Мы стали экспортировать их в Китай, Россию, Таджикистан, Узбекистан и другие страны,* - сказал Нурсултан Назарбаев.

Президент Казахстана отдельно остановился на увеличении объема производства в несырьевом секторе и подчеркнул его значимость для нужд экономики страны.

*- В химической промышленности транснациональная компания «Еврохим» начала строительство завода по выпуску сложных удобрений. На 14 фармацевтических предприятиях внедрили международные стандарты ДжиЭмПи. Сегодня был дан старт еще одному проекту, который АО «Химфарм» реализует совместно с крупной фармацевтической компанией «Польфарма». В строительной отрасли по базовым стройматериалам была преодолена импор-тозависимость. Реализовано свыше 180 проектов, в том числе с участием таких иностранных компаний, как Heidelberg, KNAUF, Basf, Sika и другие,* - сказал Глава государства.

Кроме того, Нурсултан Назарбаев отметил важное значение инфраструктурного развития в контексте диверсификации экономики и рассказал присутствующим о запуске в рамках программы «Нурлы жол» мультимодального Евразийского транспортного коридора и завершении строительства международного транзитного коридора «Западная Европа – Западный Китай»

*- За эти годы построено 2 тысячи километров железнодорожных линий, 5 тысяч километров автомобильных дорог. Реконструированы морские и воздушные гавани. В порту Курык введены в эксплуатацию железнодорожный и автомобильный паромные комплексы. В результате реализации проектов СЭЗ «Хоргос – Восточные ворота» и морского порта Ляньюньган объем транзитных контейнерных перевозок через Казахстан в направлении Азия-Европа ежегодно удваивается. Это позволит к 2020 году повысить доходы страны от транзита до 5 миллиардов долларов,* - сказал Президент Казахстана.






Глава государства, отмечая успешность проведения международной специализированной выставки «ЭКСПО-2017», поручил Правительству выстроить системную работу по практическому внедрению и использованию научных изобретений в области альтернативных и возобновляемых источников энергии, продемонстрированных на выставке.

*- На территории ЭКСПО будут созданы Международный финансовый центр «Астана», Международный центр по развитию «зелёных» технологий и инвестиций, Международный технопарк IT-стартапов. Необходимо обеспечить своевременный их запуск и полноценное функционирование,* - сказал Нурсултан Назарбаев.

Вместе с тем, Глава государства указал на необходимость внедрения в рамках госпрограммы «Цифровой Казахстан» технологий Индустрии 4.0., а также усиления сотрудничества в данной сфере с индустриально развитыми странами и государствами ЕАЭС. Кроме того, Президент Казахстана обратил внимание на важность подготовки специалистов с современными навыками в сфере цифровых технологий.

Нурсултан Назарбаев отдельно отметил развитие инвестиционного сотрудничества, в том числе членство Казахстана в Комитете по инвестициям ОЭСР, подписание Страновой программы сотрудничества, а также принятие национальной инвестиционной стратегии, благодаря которой в стране уже успешно работают многие транснациональные компании и стратегические инвесторы.

В связи с этим Глава государства поручил Правительству принять необходимые меры по созданию условий для возвращения в страну капиталов, размещённых за рубежом, продвижению казахстанских товаров на экспортные рынки, а также усилению внимания вопросам развития предпринимательства и улучшения бизнес среды.

В заключительной части мероприятия Президент Казахстана вручил премии конкурса «Алтын сапа»: «Лучший индустриальный проект» - сопредседателю совета директоров ТОО «Giessenhaus» В.Литуеву, «Лучший инновационный проект» - руководителю проекта ТОО «Recycling Company» А.Рябинину, «Лидер качества» - председателю правления ТОО «Казфосфат» М.Есенову, «Лучшее предприятие, выпускающее продовольственные товары и/или сельскохозяйственную продукцию» - директору полного товарищества «Абзал и Компания» М.Ералиеву.

Премия гран-при конкурса «Парыз» вручена руководителю Евразийской группы А.Машкевичу.

Специальная премия по результатам рейтинга регионов и городов по легкости ведения бизнеса вручена акиму г.Астаны А.Исекешеву.

**источник:www.akorda.kz**

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ЖАҢА ӘЛІПБИ – ЖАҢА БАСТАМА

**Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын іске асыру аясында №1 ЖБОМ 2017 жылдың 06 желтоқсан күні сағ.10.00-де «Жаңа әліпби жаңа бастама» атты кездесу өтті.**

Кездесу Мемлекет басшысының 2017 жылы 27 қазанда мақұлданған қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру туралы қаулысын талқылаудан басталды. Іс-шараның негізгі мақсаты - жастардың мемлекеттің қазіргі және келешектегі жағдайы туралы білімдерін қалыптастыру, жас ұрпақтың белсенді өмірлік жағдайын қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру, танымдық қызығушылықты дамыту және Қазақстанды жаңғыртудағы көкжиектерді кеңейту.

2012 жылдың желтоқсанында «Қазақстан-2050» жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында Президент: «Біз алфавитімізді 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне аударуды бастауымыз керек» - деді. Бұл дегеніміз, енді біз барлық салаларда латын алфавитіне көшуді бастауымыз керек дегенді білдіреді. Басқаша айтқанда, 2025 жылға қарай біз кеңсе жұмыстарын, мерзімді басылымдармен оқулықтарды латын тілінде шығарылуын бастайды. Бұл қазіргі заманғы технологиялық орта мен заманауи әлемдегі байланыс ерекшеліктері, XXI ғасырдағы ғылыми және оқу үдерісінің ерекшеліктері. Біз мектепте ағылшын тілін бірінші сыныптан бастап оқимыз. Кездесу барысында жастар ісі жөніндегі инспектор Дәулетбеков Рустем Талантұлы латын әліпбиі жас ұрпақ үшін ешқандай қиындық туғызбайтынын аттап өтті.

**Жастардың ресурстық орталығы**

## ВЫСТАВКА В АСТАНЕ СТАЛА САМОЙ УСПЕШНОЙ В ИСТОРИИ

**На имя Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева поступило письмо от Генерального секретаря Международного бюро выставок Висенте Лоссерталеса. Руководитель МБВ поблагодарил Главу государства за успешное проведение ЭКСПО-2017 в Астане и отметил высокую оценку организации ЭКСПО-2017 со стороны стран-участниц Выставки.**

«В мой адрес поступают отзывы стран-участниц о том, что ЭКСПО стало ярким событием и самой успешной специализированной выставкой в истории. Я уверен, что это будет способствовать дальнейшему развитию всех будущих специализированных ЭКСПО. Безусловно, успех ЭКСПО-2017 в Астане был достигнут благодаря Вашей личной поддержке и активному участию в реализации этого блестящего проекта», - говорится в письме.

В.Лоссерталес отметил, что Правительство, Национальная компания «Астана ЭКСПО-2017» под руководством Ахметжана Есимова сделали все возможное для того, чтобы инфраструктура Выставки были готовы к встрече гостей, а все международные участники ощутили особое казахское гостеприимство.

«Пользуясь случаем, я также хотел выразить Вам сердечную признательность за честь, которую Вы мне оказали, наградив орденом «Достық» Республики Казахстан. Я был глубоко тронут, когда мне сообщили о данном решении, и должен признать, что возможность работать тесно с Вами на протяжении шести лет была самым ценным опытом в моей карьере. Я надеюсь посетить город Астану, чтобы лично увидеть территорию выставки и ознакомиться с наследием ЭКСПО-2017, которое создано не только для народа Казахстана, но и для всего мира», - подчеркнул глава МБВ.

**ДСО АО «НК «Астана ЭКСПО-2017»**

**ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА *** К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ**

# БІРЛЕСКЕН ҚАУЛЫ ЖӘНЕ ШЕШІМ

**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ**
**2017 жылғы 31 қазан**
**№68/02**

**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ**
**2017 жылғы 3 қараша №245**
**Қарағанды қаласы**
**XI сессия**

## Қарағанды облысының кейбір елді мекендері мен елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» заңдарына сәйкес, Қарағанды облысының жергілікті атқарушы органдарының елді мекендер мен елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау жөніндегі ұсыныстарын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 4 шілдедегі, Қарағанды облысы әкімдігінің жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2016 жылғы 20 желтоқсандағы және 2017 жылғы 4 шілдедегі қорытындылары негізінде Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қарағанды облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ**:

Нұра ауданының келесі елді мекендері:

Щербаковское ауылы – Қайнар ауылы;

Киевка кенті – Нұра кенті деп қайта аталсын.

Осакаров ауданы Жансары ауылдық округінің Дальнее ауылы – Аманқоңыр ауылы деп қайта аталсын.

Сәтбаев қаласының жаңа 6-шы шағын ауданы – Нұрлы мекен шағын ауданы деп аталсын.

Приозерск қаласындағы Центральная көшесі – Тәуелсіздік көшесі;

Приозерск қаласындағы Пионерская көшесі – Ақмамық көшесі;

Приозерск қаласындағы Нагорная көшесі – Көкжиек көшесі;

Приозерск қаласындағы Приморская көшесі – Бәйтерек көшесі;

Приозерск қаласындағы Приозерная көшесі – Көктеңіз көшесі;

Приозерск қаласындағы Новая көшесі – Қоржынтүбек көшесі;

Приозерск қаласындағы Песчанная көшесі – Наурыз көшесі;

Приозерск қаласындағы Совет Армиясы бульвары – Жеңіс бульвары деп қайта аталсын.

5. Осы Қарағанды облысы әкімдігінің және Қарағанды облыстық мәслихатының бірлескен қаулысы және шешімінің орындалуын бақылау Қарағанды облысы әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына және Қарағанды облыстық мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына (С.М.Әдекенов) жүктелсін.

6. Осы Қарағанды облысы әкімдігінің және Қарағанды облыстық мәслихатының бірлескен қаулысы және шешімі алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қарағанды облысының әкімі — Е. Қошанов**
**Қарағанды облыстық мәслихаты сессиясының төрағасы — Қ. Оспанова**
**Қарағанды облыстық мәслихатының хатшысы — С. Өтешов**

# СОВМЕСТНОЕ ПОСТАНОВЛЕНИЕ И РЕШЕНИЕ

**АКИМАТ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ**
**31 октября 2017 года**
**№68/02**

**КАРАГАНДИНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МАСЛИХАТ**
**3 ноября 2017 года №245**
**город Караганда**
**XI сессия**

## О наименовании и переименовании некоторых населенных пунктов и составных частей населенных пунктов Карагандинской области

В соответствии с законами Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», от 8 декабря 1993 года «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан», учитывая предложения местных исполнительных органов Карагандинской области по наименованию и переименованию населенных пунктов и составных частей населенных пунктов на основании заключений Республиканской ономастической комиссии при Правительстве Республики Казахстан от 4 июля 2017 года, областной ономастической комиссии при акимате Карагандинской области от 20 декабря 2016 года и от 4 июля 2017 года акимат Карагандинской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ** и Карагандинский областной маслихат **РЕШИЛ:**

Переименовать следующие населенные пункты Нуринского района:

село Щербаковское – на село Кайнар;

поселок Киевка – на поселок Нура.

Переименовать село Дальнее сельского округа Жансары Осакаровского района – на село Аманконыр.

Присвоить наименование Нурлы мекен – новому 6-му микрорайону города Сатпаев.

Переименовать улицу Центральная города Приозерск – на улицу Тауелсиздик;

улицу Пионерская города Приозерск – на улицу Акмамык;

улицу Нагорная города Приозерск – на улицу Кокжиек;

улицу Приморская города Приозерск – на улицу Байтерек;

улицу Приозерная города Приозерск – на улицу Коктениз;

улицу Новая города Приозерск – на улицу Коржынтубек;

улицу Песчанная города Приозерск – на улицу Наурыз;

бульвар Совет Армиясы города Приозерск – на бульвар Женис.

5.Контроль за исполнением настоящего совместного постановления акимата Карагандинской области и решения Карагандинского областного маслихата возложить на курирующего заместителя акима Карагандинской области и постоянную комиссию Карагандинского областного маслихата по вопросам социально-культурного развития и социальной защите населения (С.М. Адекенов).

6.Настоящее совместное постановление акимата Карагандинской области и решение Карагандинского областного маслихата вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня их первого официального опубликования.

**Аким Карагандинской области — Е. Кошанов**
**Председатель сессии Карагандинского областного маслихата — К. Оспанова**
**Секретарь Карагандинского областного маслихата — С. Утешов**

# ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ

***...Өз тіліңді құрметте !***

Бұл бір-бірімен біте қайнасқан екі ұғымды ешқашан бөліп, жаруға болмайды. Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі ғана емес халықтың рухани байлығы. Тілсіз халықтың өткені мен болашағын, мәдениеті мен тұғырлы тарихын елестету мүмкін емес. Әр елдің туған тілі ұлт құндылығын дәріптейтін бірден бір құрал. Туған тілін жоғалтқан халық ешқашанда толыққанды мемлекет болып саналмайды, себебі тіл ғана өзінің ұлттық негіздерімен әрдайым мемлекетті жаңа белестерге шығарып, жетістіктерге жеткізіп отырады. Тілі таза халықтың-мемлекеті де мәңгілік өмір сүреді. Тіл тәуелсіздігіміздің қуатты құралы, асыл ой мен парасат белгісі, елдігіміз бен бірлігіміздің туы. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері жүргізіліп келе жатқан тіл саясатының арқасында қазіргі таңда қоғамда тіл туралы оңды көзқарас қалыптасып отыр. Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие қазақ тілі бүгінде ұлттық руханиятымыздың өзегіне айналды.

Ұлттық сана мен мемлекеттік тілді бірінен-бірін ажыратып жатудың қажеті шамалы, бұл ұғымдар қажетті жағдайда бірдей де қолданыла береді. Себебі, бұл турасында Елбасы Н.Назарбаев: «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» - деп жазды «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында. Әлемдік өркениет көшінде әрбір ұлт өзінің барлық құндылықтарын, әсіресе тіл деген ұлы байлығын шама келгенше қорғап, сақтап қалуы шарт.

Мемлекеттік тіл қарпі латын әліпбиіне өту мәселесін қоғамның қызу талқылауы да жаһандануға бет бұрудың бір көрінісі. Президент айтады: «Европалық Одақтың 400 миллионнан астам тұрғыны ана тілдері – неміс, француз, испан, итальян немесе басқа да тілдерді сыйламай ма? Әлде 100 миллиондаған қытай мен индонезиялықтар, малайлар ағылшын тілін еріккеннен үйреніп жатыр ма? Бұл – бәзбіреулердің әншейін қалауы емес, жаһандық әлемге еркін кірігіп, жұмыс істеудің басты шарты. Бірақ, мәселе бұған да тіреліп тұрған жоқ. Азиядағы екі ұлы держава – Жапония мен Қытайдың бүгінгі келбеті – осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың нағыз үлгісі. «Өзімдікі ғана таңсық, өзгенікі – қаңсық» деп кері тартпай, ашық болу, басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу, бұл – табыстың кілті әрі ашық зерденің басты көрсеткіштерінің бірі».

Жаһандану құрдымына жұтылмаудың дара жолы – ұлттық дәстүрден ажырамау. Ал ұлттық дәстүрдің өзегі – ана тіліміз емес пе? Өркениеттен өз еншісін алған ұлттардың тілі мен салт-санасы, барлық құндылықтары өркендеу кезеңінде тұр. Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан бабамыз «Қазақ тілі ғұмыр жүзінде өз бәйгесін алар» дегені орындалып, республика жұртшылығының 67 пайызын құраған қазақ халқының тілі болашаққа бет алары сөзсіз. «Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ деп атайтын боламыз» деген Президенттің шынайы тұжырымына көзіміз жететін кезең алда тұр.

**Ж. Дулатова,**
***Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының орынбасары***

# ЖОҒАРҒЫ СОТТА БИЗНЕС ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ ФОРУМ ӨТТІ

***Жаңалықтар***

**Жоғарғы сот ғимаратында «Бизнестің құқықтары мен заңды мүдделерін сотта қорғаудың тиімділігін арттыру» атты форум өтті. Оған Жоғарғы сот төрағасы Қайрат Мәми, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төралқа төрағасы Тимур Құлыбаев қатысты.**

Форумда сөз алған Қайрат Мәми тиісті институттық орта мен заң үстемдігін сақтау Мемлекет басшысы жүргізіп отырған саясатты іске асырудың іргелі негіздерінің бірі болып табылатындығын атап өтті. Ал бұл тиісті құқықтық қорғау мен меншікке кепілдік берілмейінше мүмкін болмайды. Сондықтан «Атамекен» ҰКП мен сот жүйесі бірігіп, тиімді ынтымақтастықты жүзеге асыру қажет деген Жоғарғы сот төрағасы жоспарланған жұмыстың негізгі басымдықтарына тоқталды. Солардың қатарында: сот ақпаратына кең көлемде қол жеткізу және интернет пен әлеуметтік желілерге басымдық бере отырып, тиімді коммуникация орнату. «Қазіргі таңда сот істерін әділ әрі жедел қарастыру жеткіліксіз. Қоғам сот төрелігі шын мәнінде жүзеге асырылатынын, кез келген қылмыс жазасыз қалмайтынын, ал жазықсыз адам ақталатынын білуі керек», деді Қайрат Мәми. Осы орайда соттар ашықтық саясатын ұстана отырып, неғұрлым маңызды қоғамдық мүдделерді көздейтін барлық беделді ұйымдармен сындарлы байланысқа дайын екендігі аталды. Ал «Атамекен» ҰКП төралқа төрағасы Тимур Құлыбаевтың айтуынша, бүкіл әлемде сот тәуелсіздігі кәсіпкерлік пен инвестициялық ахуалды жақсартудың негізгі факторы ретінде қарастырылады. Әр кәсіпкер үшін дау – белгілі бір деңгейдегі күйзеліс, зая кеткен уақыт пен ақша, ал егер дау мемлекеттік органмен арада туындаса – онда бұл үлкен шығын, тіпті бизнестің тоқтатылуына әкеліп соғатын жағдай. Сондықтан «Дауды шешудің соңғы мүмкіндігі – сотқа жүгіну, мұнда бизнестің түбегейлі тағдыры шешіледі. Сондықтан судьялардың әділ әрі объективті жұмысынан бизнес қауымдастықтың күтері көп», деген Тимур Құлыбаев жалпы дауларды шешудегі Ұлттық палата рөлін де атап өтті. Кәсіпкерлердің мемлекеттік органдардың іс-әрекеттері туралы шағымдарының шамамен 44%-ы оң шешімін табуда. Форумда Жоғарғы соттың мамандандырылған сот алқасының төрағасы Айгүл Қыдырбаева да сөз сөйледі. Ол сот төрелігінің тиімділігін арттыру жұмысы, соның ішінде Ұлт жоспары шеңберінде жүзеге асырылған реформалардың қорытындысы туралы мәлімдеді. Кәсіпкерлердің қатысуымен орын алып жатқан ағымдағы сот практикасына, Жоғарғы соттың нормативтік қаулыларын әзірлеуге, судьялардың заң шығару қызметіне қатысуына, соттардың ақпараттық сервистерін дамытуға және дауларды соттан тыс шешудің тәсілдеріне ерекше көңіл аударылды. «Атамекен» басқарма төрағасының орынбасары Рустам Жүрсінов «кейде шенеуніктер мемлекеттің мүддесін бюджеттің кіріс бөлігін толтырумен байланыстыратындығын» атап өтті. Статистика бойынша сотта қаралатын істердің 20-30%-ы ғана бизнес пайдасына шешіледі екен. «Атамекен» өкілдері кәсіпкерлердің мүдделері бюджет мүддесімен бір қатарда тұруы қажеттігін алға тартады. Ұлттық палата Жоғарғы сотпен бірлесіп орын алатын даулардың себебі мен туындау жағдайын анықтау мақсатында салық және кедендік мәселелер, сатып алу саласы, экология, банкроттық және оңалту, әкімдіктермен және квазимемлекеттік компаниялармен болатын дауларға қатысты жеті салаға талдау жасауды жоспарлап отыр. Осылайша форум соңында бизнесті сотта қорғау бойынша бірлесе атқарылар жұмыстың жол картасына қол қойылды.

**«Егемен Қазақстан»,**
**Александр ТАСБОЛАТ**

# ДІН САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ – ДЕР КЕЗІНДЕ ҚАБЫЛДАНҒАН ҚҰЖАТ

*Дінаралық және этнос аралық ауызбіршілік*

**Бүгінде әлем елдерінде дін мен оның құндылықтарының халық пен қоғам өміріндегі орнының маңызы артып отырғанын көріп отырмыз. Дін мемлекеттің негізін құраушы ең маңызды фактордың бірі болғандықтан, ішкі тұрақтылықтың да кепілі.**

Әлемдегі діннің дүмпуі Қазақстанды да айналып өткен жоқ. Тәуелсіз қазақ елінде діни жаңғыру үдерісі ұлттық дәстүр мен құндылықтардың қоғам өміріндегі рөлінің артуынан және жастар арасында діндарлық деңгейінің өсуінен байқалады. Мысалы, мешітке барып жатқан жамағаттың 70 пайыздан астамы жастар десек қателеспейміз. Ғаламтор желісіндегі діни сайттардың оқырмандары, фейсбук (facebook), вк (vk), инстаграм (instagram), твиттер (twitter) сияқты т.б. әлеуметтік желілердегі діни топтардың басым бөлігі тағы жас буын. Желіде діни мазмұндағы мақалалар мен әңгімелерді, діни мәтіндер мен аят-хадистерді, фатуаларды (діни шешімдер мен үкімдерді) бір-бірімен бөлісетін де осы – жастар.

Демек, қоғамда әсіресе, келешек буын жастардың арасында дінге, діни рәсімдерге, діни ақпаратқа сұраныс артып отыр. Мынадай сымсыз айди (iD) технология дамыған заманда ақпарат шексіз және қол жетімді. Егер біз жастардың осындай сұранысын қанағаттандыра алмасақ, онда олар бұл ақпаратты, дерек көздерді сырттан іздейді. Бірақ, біз ол кезде жастардың алып жатқан дін туралы ақпараттың қаншалықты дұрыс немесе бұрыс екенін, ғаламторда онлайн дәріс беріп отырған шейхтың кім екенін (шын ғалым, экстремист, террорист, псевдо шейх, радикал және т.б.) білмейміз, дереккөздің сенімді немесе сенімсіз екенін, қауіпті немесе қауіпсіз екенін дөп басып айта алмаймыз.

Ғаламтордың арғы жағында отырған «шейх» жастардың санасын өтірік уағызбен улап, баланы әкеге, қызды анасына қарсы қойып нағыз радикал қылып шығаруы мүмкін. Бүгін дұрыс діни білім алмаған ізденуші, ертең әкесі мен анасын «кәпір» - деп, бір дастарқан басына отырмайтын радикал. Өкінішке орай мұндай қанды оқиғалардың куәсі болып, зардабын да тарттық. Әсіресе, 2011 және 2012 жылдары орын алған Ақтау, Балқаш, Шұбарши, Тараз және Ақсай шатқалындағы қанды оқиғалар, Сирия сұрапылына «жиһад», «һижра» - деп көшкендер, кешегі 2016 жылғы Ақтөбе және Алматы қалаларындағы лаңкестер лаңы жадымызда қасіретті оқиға болып сақталды.

Жұртымыз осындай қайғылы оқиғалардан аман, еліміз тыныш, бейбіт өмір сүруі үшін не істеу қажет? Терроризм мен экстремизм дінге, тілге қарамайды бұл, әлем деңгейіндегі індет. Геосаяси жағдайындағы қауіптер тағы бар. Дана қазақ «жалғыздың үні, жаяудың шаңы шықпайды» демекші бұған ҚМДБ жалғыз өзі қарсы күресе алмайды, оның бұған қауқары да жетпейді, құзыреті де жоқ. ҚМДБ рухани ағартушылықпен және діни рәсімдерді орындаумен шұғылданады.

Ішкі және сыртқы қауіптердің алдын алу, Қазақстанның қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету мемлекет еншісіндегі дүние. Сол себепті мұндай мәселеде дін мен мемлекет жұмыла жұмыс жасайды. Дін мен мемлекеттің түйісер жері де – елдің тұтастығы мен бірлігі, дінаралық келісім мен тұрақтылық. Осы мақсатта ҚМДБ мен Дін істері министрлігі бірлесе отырып жұмыс жасайды. Өйткені, ҚМДБ – Ислам дінінің сүнни бағыты Әбу Ханифа мазһабын ұстанатын Қазақстан азаматтарының уәкілетті діни ұйымы болса, Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі – дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын мемлекеттің уәкілетті органы.

Мәселен, Дін істері және азаматтық қоғам министрі Нұрлан Ермекбаев халыққа есеп беру кездесуінде мынадай мәлімдеме жасады. Дін істер министрлігі 2016 жылдың өзінде 10 750 сайтты зерделеген. Оның ішінде 1500-ге жуық сайттан заңсыз контент анықталып, заң тәртібімен жабылған. Биылғы мониторингте 6 мыңнан аса сайт тексеріліп, 900- заңсыз контент таратып келгені белгілі болды. Сондай-ақ, әлеуметтік желілерге, кітап, баспа өнімдеріне тұрақты сараптама жүргізіліп отыр. Мысалы 2017 жылы 1,5 мыңнан аса объект сараптамадан өтіп, оның ішінде 54 материалда құқыққа қайшы контент кезіккен. Сонымен қатар, қылмыстық атқару жүйесі комитетінің барлық кітапхана қорына сараптама жүргізілген. Нәтижесінде 13 кітап деструктивті мазмұнда деп танылған. Сонымен қатар, ведомствоаралық іс-қимыл нәтижесінде мешіттерде тәртіп бұзу үлесі төмендеп, діни материалдарды тарату арналарына тұрақты мониторинг жүргізілу жолға қойылған (kazislam.kz).

Мұны кейбір азаматтар сияқты жалпы дінге қарсы күрес деп түсінбеу керек. Ондай пікір қате. Бұл – министрліктің сырттан келіп жатқан діни ақпараттарды сүзгіден өткізіп, жастарды радикалданудан сақтап, оларды теріс пиғылды діни ұйымдардың жетегінде кетпеуі үшін жат ағымдардың идеологиясымен күресі.

Әрине, олармен қарсы күресте тек күш қолдану тәсілі тиімді нәтиже бере бермесі анық. Сондықтан бұл мәселеге қарсы идеологиялық күрес жүргізудің де маңызы жоғары. Идеологиялық күрестің қандай күш екенін аға буын жақсы біледі. Сондықтан болса керек бірнеше кісі бас қоса қалса «Кеңес үкіметі кезінде мемлекеттік идеология күшті еді. Қазір ондай идеология жоқ» - деп сын айтып жатамыз. Негізінде «мемлекеттің дінге қатысты идеологиясы жоқ» - деп айту орынсыз. Мемлекеттік идеология жоқ емес, бар – «Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы» осының айқын дәлелі.

Кез-келген мақсатты істің бағыты мен бағдары, бекітілген құжаты болады. Біз айтып отырған дін саласындағы (2017-2020) жылдарға арналған тұжырымдама да мемлекеттің дін саласына қатысты атқаратын жұмыс бағыты мен бағдары, стратегиялық мақсаттары қамтылған құжат. Басқаша айтқанда, бұл құжат – елдегі конфессияаралық және этносаралық келісімді жетілдіріп, бейбіт өмірді нығайтып, дәстүрлі діліміз бен дінімізді (Әбу Ханифа мазһабын) сақтап, адасқан діни-сенімдердің алдын алу үшін мемлекетіміздің үш жыл бойына атқаруы тиіс жұмыс жүйесі. Мемлекеттің дін саласына қатысты ресми көзқарасы.

Бұдан былай мемлекет (Дін істері министрлігі уәкілетті орган ретінде) осы тұжырымдаманы басшылыққа ала отырып ҚМДБ-мен қоян қолтық жұмыс жасамақ. Мысалы, елдің рухани тірегі болған асыл дініміздің жалпыға ортақ адамгершілік қағидаларын насихаттау, дін догмаларын дұрыс ашықтау, мұсылманшылық құндылықтарды түсіндіру, жоғары білімді дін мамандарын, теологтарды даярлау, шет мемлекетке шәкірттер жіберу, имамдардың діни һәм зайырлы білімдерін жетілдіру сияқты т.б.

Экстремизм, терроризм және деструктивті ағымдар мен адасушыларға қарсы күресте күшпен қатар ағартушылық жолдарын да қарастырған жөн. Жастарға шынайы діни білім беріп, олардың жалпы білім көкжиегін кеңейту де маңызды. Арнайы діни білімнің болмауы, шала сауаттылық, діни ұғымдарды (жиһад, такфир, һижрет, талақ т.б.) қате түсіну, дін мен дәстүрді ажырата алмау сияқты кемшіліктер де экстремизмге әкеліп соқтыруы әбден мүмкін. Дін – дұрыс түсінген адам үшін рухани кемелденуге жетелейтін, ал қате түсінген адам үшін қиындыққа айналары сөзсіз. Негізінен адасқандар мен экстремистердің қатарына қосылатындар дұрыс діни тәрбиеден нәр алмағандар. Ақтөбе, Атырау, ақтау сияқты еліміздің басқа да өңірлерде намаз оқымағандарды «кәпірге» шығарып, олардың дүние-мүліктерін тонауды адал етіп жүргендер міне, осылар. Сондықтан жастарға тура бағыт беріп, дұрыс тәрбиелеуде мемлекет пен дін қызметкерлері күш біріктіргендері абзал.

Кеше ғана қабылданған бұл құжаттың (тұжырымдама) аясында атқарылған оңды іс-шаралардың келесісі – мұсылман бірлестігін қолдау қорының құрылуы. Қордың қызметі коммерциялық емес қайырымдылық ұйым ретінде әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға, білім-ағартушылық шараларды жүргізуге, сонымен қатар, діни бірлестік қызметкерлері жұмысының тиімділігін көтеру және мекемелердің қызметін қолдауға бағытталған. «Уақып» қорының қызметі негізінен мынадай міндеттерді шешуге бағытталып отыр:

–елдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге үлес қосу;

–тұрғындардың әлеуметтік аз қамтылған тобы мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға көмек көрсету;

–балалар мен жастардың физикалық және интеллектуалдық дамуын қолдау;

–діни радикализм мен экстремизмнің алдын алу;

–мамандардың біліктілігін көтеру және шалғайда орналасқан діни бірлестіктердің (имамдардың) әлеуметтік мәселелерін шешу және т.б.

Назар салсаңыз осы айтылған тармақшалардың барлығы да тұжырымдамада қамтылған мәселелер. Мақсат – елдегі дінаралық және ұлтаралық келісімді нығайту, бейбіт өмір мен тұрақтылыққа үлес қосу, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға жәрдем беру, діни радикализм мен экстремизмнің алдын алу, шалғай елді-мекендегі имамдардың әлеуметтік жағдайын шешу, діни білім беру жүйесін реттеу және т.б.

Шағын мақалада келтірілген біздің бір-екі мысалымыз дін саласына қатысты қабылданған тұжырымдаманың мазмұнын толық аша қоймасы анық. Онда елдегі діннің ахуалы айтылып, түрлі (мемлекеттік басқару, мемлекеттік қызмет, құқық қорғау, қарулы күштер, БАҚ, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт) салалар бойынша дінге қатысты ұстаным баяндалған. Бірақ, біздің мақсат – оқырманды шаршату емес, дін саласына қатысты қабылданған осы құжатты қарапайым сөзбен тарқатып, сізді онымен аз да болса таныстыру. Бұл біздің азаматтық борышымыз деп білемін. Діни қайшылықтар негізінде туындайтын радикализммен байланыстағы келеңсіз үрдістер бой көрсетіп отырған бүгінгі уақытта елдегі тұрақтылық пен ауызбіршілікті нығайту үшін әрбіріміз қолдан келгенше үлес қосуымыз керек.

Дінді қоғамнан бөліп қарау мүмкін емес. Былтыр ғана Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қаулысымен құрылған Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің пайда болуы діннің қоғамдағы орны мен маңызын аңғартқандай. Әсіресе, 18 конфессия мен үш жарым мыңнан астам діни субъектілері ресми түрде тіркелген мемлекетте дінаралық келісімнің маңызы жоғары. Осы ретте, дінге қатысты мәселелердің барлығын тек бір мекемеге ғана (ҚМБД-ға немесе Дін істер министрлігі) жүктеп қоймай, әрбір Қазақстан азаматы ат салысқаны жөн. Қазақ «жұмыла көтерген жүк жеңіл» - демекші еліміздегі дінаралық және этносаралық ауызбіршілікті сақтау баршамызға ортақ міндет.

**Жалғас САДУАХАСҰЛЫ,**
***дінтанушы, философия ғылымдарының кандидаты***

# АЯУЛЫ АҚЫННЫҢ 70 ЖЫЛДЫҒЫ

*Ақын Қайыпназар Шотбасов 70 жаста*

**Өлең – менің өмірдегі серігім,**
**Өзгелердің бәрінен де жерідім.**
**Сол өлеңнің жолдарынан іздесін,**
**Өлгеннен соң іздесе егер мені кім... деп** - тірісінде жырлап кеткен Тауелібай өңірінің алғашқы кәсіби журналистерінің бірі, КСРО және ҚР журналистер Одағының мүшесі, ұзақ жылдар Тамды ауданындағы «Социалистік шаруашылық», кейіннен «Тамды шаруагері» газетінде редактор болып қызмет атқарған Қайыпназар Шотбасов Кеңес одағы тарқаған соң Жамбыл облысының Сарыкемер ауылына келіп қоныстанған болатын. Ол кісі менің журналистика мен ақындық жолдағы ұстазым десем артық емес. Осы атпал азаматтың мектебінен өткенімді мақтан етемін. Бұл кездер Қайыпназар ағаның поэзия саласындағы ең өнімді шығармашылық жылдары болды. Осы жерде тілшілік қызметін атқара жүріп, өлең жазуымен талмай айналысқан қаламы қарымды, ойы жүйрік ақын оншақты жыр жинақтарын шығарып үлгерді. Байзақ ауданның Құрметті азаматы, жазба ақындардың республикалық жыр мүшәйраларының бірнеше дүркін жүлдегері атанды. Осыдан бірнеше жыл бұрын дүниеден өткен аяулы ақынын Сарыкемер жұртшылығы ұмыта алмапты. Жуықта Қ.Шотбасовтың туғанына 70 жыл толуына орай еске алу ісшарасы және ақын атындағы байқау ауданда екінші рет ұйымдастырылды.

Алдымен ақын шығармашылығына арналған аудандық байқау мектеп оқушылары арасында өткізілген болса, араға екі жыл салып қайта жалғасын тапқан шара жас мұғалімдер арасында өрбіді. «Қазақстанның 40 жылдығы» атындағы мектеп-гимназиясында Шотбасовтар әулетінің, «Ауыл жаңалығы» газеті редакциясы мен аудан әкімдігі білім бөлімінің ұйымдастыруымен Қазақстан Жазушылар Одағы және ҚР Журналистер Одағының мүшесі Қайыпназар Жалғасбайұлы Шотбасовтың 70 жылдығына арналған жас мұғалімдер арасында өткізілген байқау өлеңсүйер қауымның көңілінен шықты. Еңбек ардагері Күнтуған Ақназаровтың ақын ағасына арнауы және № 3 Байзақ колледжінің жастар ісі жөніндегі инспекторы Заман Молдабаевтың «Байзақ жері – байтағым» әнімен ашылған салтанатты шарада Қайыпназар ағаның бұрын-соңды жарияланбаған жырлары топтастырылған «Дүниедүрмек» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Жаңа жыр жинағының тұсауын аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы Салтанат Иманова, журналист жерлесі Қали Жолдасов, ақынның тонның ішкі бауындай араласқан інісі Әлім Тәуенов, «Қазақстанның 40 жылдығы» атындағы мектеп-гимназиясының директоры Гүлмира Есентаева қиды. Бұдан кейін аудандық мәдениет үйінің әншісі А.Жылысбекова «Сұлу құмыра» әнін шырқады. Ақынды ардақтауды өз міндеті санаған ақын-сазгер Қасқырбай Нарбатыр аталмыш шараны жүргізіп отырса, бұдан бұрын мектеп оқушылары арасында ұйымдастырылған «Қайыпназар қайырымдары» байқауының бас жүлдегері Ұлбосын Нұржаубаева ақынның «Білмеймін, неге ақындар ерте өледі?» өлеңін нақышына келтіре орындады. Бұл күні байқауға аудан аумағындағы білім беру мекемелерінен он бір үміткер қатысты. Ережеге сай, жас мұғалімдер ақынның басылымда жарияланған он өлеңін жатқа білуі тиіс болса, берілген билет арқылы бір өлеңді мәнерлеп оқып, басқа өлеңдерінің бірінен үзінді оқу талап етілді.



Байқауға төрелік еткен ақын Жанатбек Тұрғынбайтегі, «Ауыл жаңалығы» газетінің бас редакторы Гүлмира Тажиева, білім бөлімінің әдіскері Қарлығаш Маутаева байқау үміткерлерінің мәнерлеп оқу шеберліктерін, дауыс мәнері мен тіл тазалығына және сахна мәдениетіне баса назар аударып отырды. Бірінен соң бірі сахнаға көтерілген жас ұстаздар ақын Қ.Шотбасовтың «Қайырлы таң, қазағым!», «Байзақ жері - бақыт төрі», «Айналайын атыңнан қазақ деген», «Қандай жақсы», «Асыл адам», «Мәңгі бақи өлмеуге сөз жаралған», «Сәлем айт бізден, Тамдыға», «Әйелге тағзым», «Мен сені шын сүйемін» атты шығармаларын мәнерлеп оқып, көпшілікті риза етті.

Әділқазылар шешімі шыққанға дейін кеш қонақтары алдында әдебиетші Тоймұрат Қожамұратов өзінің арнау өлеңін және Меруерт Қайыржанқызы ҚР Журналистер Одағының мүшесі, қарағандылық ақын Нұрғали Қарабековтің ақынға арнаған жыр арнауын оқыды. Журналист Қали Жолдасов ісшараны ұйымдастыруға атсалысқан азаматтарға Қазақстан Жазушылар Одағының Алғыс хаттарын табыстады. Ақынның жары Аманкүл Алдашова өз ризашылығын білдірсе, байырғы қаламгер Жүсіп Әлқожаев және өзге де азаматтар Қ.Шотбасов туралы естеліктер айтты. Екі сағаттан астам уақытқа созылған байқаудың нәтижесінде Сарыкемер мектеп-гимназиясының мұғалімі Заида Момышева бірінші орынды иеленсе, қос бірдей екінші орынды «Қазақстанның 40 жылдығы» атындағы мектеп-гимназиясының мұғалімі А.Сатыбалдиев пен Ә.Жанқұлиев атындағы орта мектебінің мұғалімі Ж.Қарасаева өзара бөлісті. Жүлделі үшінші орындар Ғ.Мұратбаев мектеп-гимназиясынан А.Ерғалиеваға, Көктал орта мектебінен Н.Ештаеваға және Бурыл орта мектебінен Ж.Балтабаеваға бұйырды. Жеңімпаздар және өзге де байқауға белсене қатысушылар ұйымдастырушылар мен демеушілер тарапынан дайындалған дипломдармен һәм Алғыс хаттармен марапатталды. Оларға бағалы сыйлықтар, естелік кітаптар табыс етілді. Шара соңында ақын Қайыпназар Шотбасовтың рухына құран бағышталып, көпшілікке дәм таратылып, құран бағышталды.

**Н.ӨТЕП.**

**Суретте: ақынның жаңа кітабы мен кештен көрініс**

Иман айнасы

# ДІНИ ТАНЫМ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ НЕГІЗІ

**Бүгінде қоғамдық ортада кереғар діни ағымдар мен оларды жақтаушылардың қарасы көбейіп және ондайлар өздерінің адасқандарымен қоймай өзгелерді де адастырып жүргендігі расталып отыр. Сондықтан діни ахуалды зерттеу, әлемдік деңгейдегі жинақталған тәжірибе мен ең өзекті мәселеге байланысты елімізде насихат, түсіндіру жұмысын жүргізу қолға алынған. Мұндай жұмыстарды қазіргі таңда діни бірлестіктерде атқаруда. Солардың бірі Қарағанды қаласында орналасқан «Нұрлы білім» қоғамдық бірлестігі. Жақында айтулы бірлестіктің төрағасы Мақсұт ҚОЖАХМЕТОВПЕН сұхбаттасқан едік.**

***– Алдымен өзіңіз басқарып отырған «Нұрлы білім» қоғамдық бірлестігінің атқаратын жұмыстармен оқырмандарды таныстыра кетсеңіз. Қоғамдық бірлестік қашан, қандай мақсатта құрылды?***

– «Нұрлы білім» қоғамдық бірлестігі 2013 жылдан бастап қызмет етіп келеді. Осы 4 жылдан аса уақыт ішінде біраз жұмыс атқарылды. Басты – бағытымыз алдын алу шаралары, насихат, түсіндіру жұмысын жүргізу. Радикализм, терроризм, уахабизм, салафизм сияқты өзекті мәселелерге тереңдетілген дәрістер оқимыз. Уақыт өткен сайын діни ұғымдар да өзгеретіндігі белгілі жайт. Мәселен, ерте замандағы айтылған уағыздарды бүгінгі жаһандану дәуіріндегі жетістіктермен байланыстырып түсіндіру жұмыстары. Бұл жерде дін қағидаларын бұрмалауларға жол бергізбеген абзал. Біз ежелгі түсініктен түсіндіретін болсақ, халыққа дұрыс жетпеуі мүмкін. Діни білімсіздіктің алдын алу – кезек күттірмес мәселе. Атап айтқанда, ағартушылық жұмыстарға баса назар аударамыз. Мешіттермен, қала мен аудандардың ішкі саясат бөлімдерімен қоян-қолтық жұмыс атқарамыз. Биылдың өзінде жалпы алдын алу іс шаралары мақсатында Қарағанды облысы аумағындағы мекемелерде, ұйымдарда, оқу орындарында, мешіттерде 322 кездесу мен семинарлар ұйымдастырылды. Азаматтық және дін жоралғыларын орындайтын аудитория үшін 368 рет жеке ақпараттық-түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Бізде Рүстем Сыздықов, Жанболат Хушкелдиев бастаған білікті 9 теолг бар. Барлығыда оқыған. Жан-жақты дінге қатысты мәселелердің ара жігін ашып беруге қауқарлы. Бірлестікте түсіндірме қағаздарынан бөлек, Рүстем Сыздықовтың осы жылы «Жихадтың шын мағанасы және оның діни экстремизм мен халықаралық терроризм мазмұнындағы трансформациясы» атты қазақ және орыс тілінде әдістемелік құралы шықты. Мұның барлығы деструктивтік діни ағымдардан зардап шеккендерге көмегін берері сөзсіз. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы қазіргі кездегі қордаланған көптеген мәселелерді шешуге бағытталды. Дін саласындағы мемлекеттік саясат, заңдар, діни бірлестіктердің қызметі, діни білім алу, жасөспірімдерді қорғау, ішкі және сыртқы қауіпсіздікті сақтауға бағытталғандығын да айта кеткен жөн.

***– Кейбір ел ішіне іріткі салған діни ағымдар идеологиялық жұмыстарын ғаламтор арқылы жандандырып, өз жағына адамдарды әлеуметтік желілер арқылы тартып жатқандығы мәлім. Осы экстремистік мазмұндағы материалдарды шектеу мақсатында биыл елімізде бірнеше сайтқа тексеру жасалып, күдік тудырғандары бұғатталды. Қоғамдық бірлестік осы бағыттағы жұмыстарға қолұшын беріп отыр ма?***

– Біздің елімізде БАҚ және интернет – контентке күнделікті мониторинг жасалып отыр. Бірлестіктің қолынан бұғаттап, шектеу қою келмейді. Біз тек әлеуметтік желідегі жат пиғылды пікірлерге сырттай сараптама жасап, тиісті орындарға ескерту жасай аламыз. Мәселен Сирия соғысына өз еркімен кеткен қазақстандық азаматтардың көбісі ғаламтордағы теріс пиғылды жандардың арбауына түскендігі анық. Діни сауатсыздықтың салдарынан олар ата-ананың, туған-туыстарының көз жасына, аяғына жығылып, жалынғанына қараған жоқ, барлығын қиып кете барды. Жат ағымның жетегіне еріп, қылмыстық жолға байланып, надандықтың, жалғандықтың, діни соқырлықтың құрбанына айналды. Адастырушылардың қармағына іліккенде отбасыларда дәстүрге қарсы шығушылар белгі берді. Ата-аналардың көбі баласы болған соң осы жағдайларға көз жұма қарады. Ақырында балалары қару асынып, өзге елге аттанып, қан төгіскке араласып, қылмыскер атанды. Міне, осындай жағдайды болдырмауға еліміздің өңірлерінде ақпараттық насихаттау топтары және оңалту орталықтары, қоғамдық бірлестіктер мен діни бірлестіктер жұмыла қызмет жасап жатыр. Діни экстремизмнің алдын алу аясында елімізде, оның ішінде жастар арасында жүйелі ақпараттық-түсіндіру жұмыстары қарқынды жүріп, бұрынғыданда жұмыс күшейді. Дін – нәзік және өзекті. Жастарға дінді дұрыс түсіндіруіміздің маңызы жоғары. Дін – рухани қазына деп білсек, алайда, қазіргі заман білім мен ғылымға негізделген дінді қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда елімізде ауқымды жұмыстар атқарылуда. Дәстүрлі ислам дінінің өзектілігін жиі айтып келеміз.

***– Біз көп жылдан бері дәстүрлі ислам дінін ұстану қажеттігін тілге тиек етіп, басылымдарда жариялап, кездесулерде айтып жатамыз. Оқырманға түсінікті болу үшін дәстүрлі ислам жөнінде тарқата айтып берсеңіз?***

Халқымыздың тарихы мен мәдениеті көптеген ғасырлар бойы Ислам дінімен өзара байланыса дамып келгендігін ғалымдарымыз дәлелдеп отыр. Ислам діні мен қазақ халқының өзіндік руханияты мен мәдениетінің қалыптасуындағы байланыстың болғандығы ақиқат. Мәселен, қазақ елінің арғы тегі болып есептелетін көне түркілер исламның қалыптасуы мен жетілуіне өз үлестерін қосқандығын тарих беттерін парақтасақ түйсінеміз. Ел болып тойлаған XV ғасырда Жәнібек пен Керей негізін қалаған Қазақ хандығының тұсында Ислам діні жоғарғы хандық биліктің нығаюы мен түрлі қазақ тайпаларының бір этникалық қауымға бірігуіне ықпал еткен идеологиялық факторлардың біріне айналған. Қазақ хандығында Исламның сүнниттік бағытының ханафи мәзһабын ұстанып, елдің бірлігін бекітті. Абылай ханның ақылшысы, кеңесшісі Бұқар жырау Қалқаманұлы халықты имандылыққа шақырғандығы өлеңінде «тайға таңба басқандай» айқындалып тұр. «Тілек» деп аталатын өлеңінде Бұқар бабамыз:

***«Бірінші тілек тілеңіз,***
***Бір Аллаға жазбасқа***
***...Бесінші тілек тілеңіз***
***Бес уақытты бес намаз,***
***Береуі қаза қалмасқа»,*** – деп жырлайды.

Яғни, біз бабаларымыз ұстанған исламды дәстүрлі дініміз деп айтуға негіз бар. Пайғамбарымыз Мұхаммед: «...Көпшілікпен бірге болыңдар! Бөлінуден сақтаныңдар», – деген өсиет қалдырған. Алла Тағала қасиетті Құранда «Әли Имран» сүресінде: «...Бөлінбеңдер», – деп әмір етті. Сондықтан Исламды ұстанған ата-бабаларымыз қашан да ынтымақ пен береке-бірліктің туын жыққан жоқ. Ал, бүгінгі ұрпақтың еншісіне осынау үрдісті жалғастырып, баба жолымен жүре білгені абзал.

– Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында айтылғандай «ұлт үнемі дамып отыратын тірі ағза» десек, өз бет-бейнемізді сақтай отырып, жаңа үрдістерге бейімделе білген ұлт қана өміршең бола алатындығы сөзсіз. Десек те, қазіргі кезде өзекті мәселелерінің бірі – діни экстремизм. Кейіннен жылдары пайда болған әсіредіншілдер немесе теріс ағымдардың өкілдері туралы не айтасыз?

– Елбасының Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан – 2050» стратегиясы – мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Мемлекеттің және қоғамның басты міндеті – дәстүрлері мен мәдени нормаларына сай келетін елдің діни санасезімін қалыптастыру, сондай-ақ радикализм, экстремизм және терроризмнің барлық көрінісіне бірлесе отырып қарсы әрекет ету керек» деген болатын. Бұл ретте Заңға енгізіліп отырған толықтырулар мен өзгертулер түрлі жат пиғылды ағымдардың қатерінен жас буынды алдын ала отырып, олардың бейбіт елде өмір сүріп, жан-жақты дамуын қамтамасыз ету арқылы қоғам тыныштығын сақтауды көздейді. Бүгінде елдегі діни ахуалдың тұрақты және бақылауда екенін атап өткеніміз дұрыс. Уәкілетті және құқық қорғау органдарының жүйелі түрде жүргізіліп отырған жұмыстарының нәтижесінде діни жағдай тұрақтылығы сақталуда. Ақиқатпен бірге жалғандық қатар жүреді. Өткенге көз жүгіртсек, дінде де солай саяси жағдайлар етек алып, Пайғамбарлардың өмірлері де жалғандықпен күрес жолында өткен екен. Халықаралық зерттеулердің мәлімдеуінше, бүгінгі таңда қантөгістердің басым бөлігі зайырлы ұстанымдағы емес, діни фундаментализм басым елдерде орын алып отыр. Дінді жамылып өз мақсатын көздейтін жат ағымды насихаттау арқылы халықтың басын айналдырып, қоғам тайдыруға жұмыс жасайтын топтардан қашанда сақ болуымыз қажет. Олар әлі оң мен солын танымайтын жастарды шырмауына түсіруге ықпал етеді.

***– Уахабилік ағымның пайда болуы мен ерекшеліктері қандай?***

– Қазіргі секталардың барлығының көздейтіні – адамды алдау арқылы өз тобына қосып, көбейтуді мақсат қылады. Мұның ар жағында, әрбір дәстүрлі емес діни секталар қатарын көбейтіп саясатқа араласуды, сол арқылы мол табысқа жетуді алға қояды. Табыс көбейген соң, билікпен тартысқа түсуге ұмтылатындығы анық. Түптеп келгенде, көбісінің мақсаты – осы. Оны Ислам әлемінде ХХ ғасырдың алпысыншы жылдарында діни секталар белсенді түрде саясатқа кіріскенін аңғаруға болады. Көп жағдайда діни ағымдардың шығуы байлықпен тікелей байланысты болып отырған.

Ал, енді сіз айтып отырған «уахабилік» атауының ең алғашқы идеялық тұрғыдан қалыптасу уақытын ғалымдарымыз әдебиеттерде хижри жыл санауы бойынша VIII ғасыр деп көрсетеді. Бұл ағымның бастау алуына Ибн Тәймияның Ахлус суннаға өзгеше жасаған пікірлері басты себеп. XII ғасырдан бастап Мұхаммед ибн Абдул Уахабтың күш салуының арқасында бұл ағым өз жақтастарының қатарын көбейте бастаған. Қолдаушыларының ең алғашқылары көшпелі бәдәуилер болды. Қазіргі уақытта кез келген мұсылман қауымдарының арасында бұл ағысды қабылдағандар баршылық. Уахабилік ағымын жақтаушылардың мұсылмандардан өз ойларынша айырмашылығы – мұсылмандардың сенімдерін айыптап, тек өз сенімдерін ғана дұрыс деп тануы. Зерттеулерді зерделесек фундаменталистер 3-4 ғасыр бұрынғы исламды да емес, мүлде ары, 14 ғасыр бұрынғы пайғамбар мен халифтер заманын аңсайды. Негізгі белгілері: исламды «бидғаттан» тазартуға ұмтылады, яғни көптеген ұлттық салт-дәстүрлерді жоққа шығарады. Оның ішінде, әулиелерді құрметтеуді, басына зиярат етуді, Алланы еске алуды терістейді, қоғам өмірін реттейтін ережелер тек қана Құран мен сүннет деп біледі, зайырлы заңдардың бәрін харам деп жариялайды, мәзхабтарды мойындамайды және жиһадты мұсылмандардың ең қасиетті міндеті деп біледі, соғысты тек «кәпірлерге» ғана емес, кейбір «дінбұзар» мұсылмандарға да жариялайды. Бұл бүгінде анықталған. Исламдағы бұл саяси қозғалысты ислам елдерінде «салафизм», ал, батыс елдерінде «радикализм» деп атайды. Ал, «салафизм» бұрынғы КСРО территориясында «уахабилік» деген атпен белгілі болды. Уахабилердің негізін қалаушы Абдул-Уахаб салафизм өкілдерінің бірі Ибн Тәймияның ізбасары болған деседі.

Абдул-Уахаб әулиелердің басына бару күнә, пайғамбардың қабіріне тәуәп ету күнә, жалпы сопылықтың өзі күпірлік деген өзінің идеяларын осы Ибн Тәимияның еңбектерінен алған. Осынау идеяларды дамытқан Абдул-Уахаб «кәпірлерді өлтіру – жақсылық және бұл мұсылман адамның дін үшін жасай алатын жақсылықтарының ішіндегі ең үлкені, әмбе жәннатқа тура апаратын зор құрбандық» деп түсіндіріп жол сілтеген. Бүгінде әлем бойынша, Әл-Уахабтың бұл идеясы қазір террористік ұйымдардың өз әрекеттерін негіздейтін басты дәйегі болып отыр. Уахабилік ағым ұстанушылар ел ішіне оң ниетпен келмейтіндігі белгілі.

***– Жаңа сұхбат барысында жат пиғылды бірнеше сайттың бұғатталғандығы айтылды. Сіз мұсылман дінін ұстанушыларға білім, кеңес алу үшін мешіт имадарынан бөлек, қандай сайттың көмегіне жүгінуге болатындығын айтып өтсеңіз?***

– Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының рұқсат берген сайттарынан ғана ақпарат, алып білмегенімізді оқуға болады. Елімізде таратылатын күмәнді көптеген белгісіз ақпараттар мен хабарламалардың тұрғындардың діни көзқарасын қалыптастыруға бағытталатыны белгілі. Олардың ішінде дәстүрлі емес болып саналатын діни ұйымдар мен топтардың, тіпті экстремистік, теріс сенімдік мәліметтер болуы да мүмкін. Осыған байланысты дін жолына бет бұрғысы келетін, не болмаса діни сауатын жетілдіргісі келетін азаматтар, жастар діни білім мен мәліметтерді Қазақстанда дәстүрлі болып саналатын ақпарат көздерінен алуы барынша маңызды екендігін айтқым келеді. Жұртымыздың діни тұрғыда білімін жетілдіріп, теріс діни ағымдардың жетегіне кетуіне жол бермеуге күш салу басты міндет. Олардың қоғамға қаншалықты зиянды жақтары бар екендігін айтып түсіндіргеніміз дер уақытында қимылдау маңызды. Өйткені, еліміздегі теріс діни ағымдардың көбеюі, осы ағымдарға кірген бауырларымыздың бір-біріне және қоғамға көзқарастарының және ой-пікірлерінің, іс-әрекеттерінің сол тараптан басқарылуы еліміздің тыныш тіршілігі мен сан ғасырлардан бері қолданып келе жатқан салт-дәстүрлерімізге, сонымен бірге дәстүрлі діни ұстанымымызға қарама-қайшылық туғызып, берекені кетіретіндігі анық.

